

Сәуірдің жиырма алтысы Жас өнертапқыштар

7.5.1.5. етістіктің шақтары мен қалау
райдың қызметін білу, ауызша
жазбаша жұмыстарда қолдану

1-тапсырма.124-бет
Суреттерге назар аудар. Берілген суреттерге не ортақ деп ойлайсыңдар?



2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

- I. Көрмелерде болдың ба?
- II. Қандай көрме ұйымдастырар едің?
- III. Қандай көрмеге барғанды ұнатасың?
- IV. «Өнертапқыш» сөзін қалай түсінесің?
- V. Өнертапқыш болғың келе ме?

Жаңа сөздер:

- Етістіктің райлары-наклонение глагола
- Өнертапқыштар-изобретатели
- Ұтқыр-находчивый

Етістіктің райлары

- **Ашық рай**(изъявительное наклонение) іс-қимылдың қай шақта екенін білдіреді. (действие во всех временах)
- Мысалы: мен келемін, мен келдім, мен келе жатырмын.
- **Бұйрық рай** (повелительное наклонение) іс-қимылдың бұйыру, талап ету, өтіну мағынасын білдіреді.(выражает просьбу, приказ)
- Мысалы: Мен бар+**айын**, сен бар, сіз бар+**ыңыз**, ол бар+**сын**.
- **Шартты рай** (условное наклонение)іс-қимылдың орындалу-орындалмау шартын білдіреді.
- Етістік+жұрнақ- **са**,- **се**+жіктік жалғауы
- Мысалы: кел+се+м, бар+са+ң.
- **Қалау рай** (желательное наклонение) тілекті білдіреді(выражает желание, намерение совершить действие)
- Етістік+жұрнақ –**ғы**,-**гі**,-**қы**, -**кі**+тәуелдік жалғау және көмекші етістік кел.Мысалы. Бар+ғы+м келеді, жүр+гі+м келеді

Берілген етістіктерден етістік райларын жасаңдар

- Көр, оқы, айт, құрметте, зертте, жаз, бер

Ашық рай	Бұйрық рай	Шартты рай	Қалау рай
берді	Бер+сін	Бер+се	Бер+гі+м келеді

2-тапсырма, 125-бет

- Әр қатардағы артық сөздерді тап. Сол сөздермен сөз тіркесі немесе сөйлем құра.

Үй жұмысы

- 3-тапсырма, 125-бет
- Мақал-мәтелден етістіктерді тауып, оларды рай түрлеріне қарай ажыратып жазыңдар.